

«Бекітемін»
«Асыл ай» бөбекжай-бақшасы
ҚМКК мектегушісі
Н.Есжанова
«29» 08 2024ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған «Бағалауға» мектепалды тобының
перспективалық жоспары

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Білім беру ұйымы : «Асыл-ай» бөбекжай- бақшасы
Топ/сынып: Мектепалды топ «Балауса»
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024 жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою,екі жаққа созу;қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5метр қашықтықта екі қолын жерге қойып,жүру(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар:отырып алға,артқа еңкею(5–6рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып,жартылай отырып-тұру(2-3рет); Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; шашырап, жұппен, жүрумен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша»төрт тағандап еңбектеу бір орында тұрып,алға қарай 3–4метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; заттардан аттап тепе-теңдікті сақтап жүру сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардыңырғағынмузыкалықсүйемелдеуменұйлестіру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.Балаларды жарыс элементтері бар Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттықжабдықтарыбарортанықұру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау

	адамның мүмкіндіктері мен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарының қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, колорамалды пайдалану, белге дейін ымқыл сүлгім енсүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын қалыптастыру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне- өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасауда дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетінен бектап сырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтауда дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-к, ж-ш, з-з, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорынт ұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңынан ойындары дағдысын дамыту
Көркем әдебиет	Балаларды қолжетімді көркем шығармалармен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.
Сауат ашу негіздері	Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс- жидектердің дайын суреттерінің сыртын шеткеші ғармай бастыру, бояу
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуді ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

	Фонематикалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру(басы,ортасы,соны). Сөздікқор. Шағын өлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Балаларды шешендік өнерге,айты сөнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданабілуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білудіжетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзінмұқияттыңдауға,сұрақтардыдұрыскоюға,оғанқысқажәнетолықнақтыжауап беругебаулу.
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні,дыбысы,қимылы,қолданылуы бойынша заттардан)құруды үйрету Сан, санау. Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығынанықтай білуін дамыту. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінментаныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң жақта,жоғарыда,төменде); Уақытты бағдарлау. Айлар,жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру,олардың ретін білу және атау,циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын(«кеше»,«бүгін»,«ертең»),оқиғалардың ретін(«алдымен –содан кейін»,«бұрын–кейінірек»)анықтау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық жәнеқиғашсызықтардыдәптердіңторкөзіндесызуға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы,үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы,мектепке баруы,ересек азамат болып ержетуімен еңбек етуі,болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтыасынарттыру,жаңанытануға,өзөмірінеқажеттідағдылардыигеругесықпалету. Заттық әлем,кеңістікті бағдарлау. Заттар,олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуін жетілдіру. Көлік,байланыс құралдары.

	Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуіне жағдай жасау Еңбекке баулу. Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау дағдыларын дамыту. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өзіс-әрекеттерімен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбектуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға баулу Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілері жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту әрекетін жасауды үйрету. Табиғат пен таныстыру Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінуін дамыту. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды үйрету: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздерін тән белгілері бойынша ажыратуды үйрету Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғат пен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуді ұйымдастыру. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы: үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға абаулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын түсіну маңыздылығын үйрету. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалар менталды қауіпсіздік беру. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).
Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктері мен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістікті қатынастарды жеткізе білуді. Бояу мен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуансыздықтарды сызар да қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету.

Мүсіндеу	Сазбалшық,ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін білуді. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды:көгөністерді,жемістерді мүсіндеу,оларға тән ерекшеліктерді беру,қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы,сыңарлы симметриялы,сұлбалы)мен тәсілдерін қолдану,түрлі материалдардан(қағаз,мата,табиғи материалдар)жапсыру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру,еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.
Музыка	Музыкатың дауы. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын,көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Әнайту. Әнайту дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуді; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес сөзерді үйрету. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдануды жетілдіру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру